

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 220 қаулысы

«2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне осы қаулыға қосымшаға сәйкес сот актілерін орындау үшін 2014 жылға арналған республикалық бюджетте соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 3008854 (үш миллион сегіз мың сегіз жүз елу төрт) теңге б ө л і н с і н .

2. Зиян келтірген мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен оқшауландырылған қаражатты өтеу жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

1 1

н а у р ы з д а ғ ы

№ 2 2 0

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Орындауға жататын сот актілерінің тізбесі

Р/с №	Сот органының атауы және шешім шығарылған күн	Талапкер	Борыш сомасы (теңге)
1	2	3	4
1	Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық сотының 2013 жылғы 28 наурыздағы шешімі, Шығыс Қазақстан облыстық соты азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2013 жылғы 28 мамырдағы қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық соты кассациялық сот алқасының 2013 жылғы 8 тамыздағы қаулысы		1302600

		В.А. Яковлев	
2	Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2013 жылғы 14 мамырдағы шешімі, Астана қалалық соты азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2013 жылғы 4 шілдедегі қаулысы, Астана қалалық соты кассациялық сот алқасының 2013 жылғы 1 қазандағы қаулысы	Р.А. Ахметов	5 0 0 0 0 0 50000
3	Атырау облысы Атырау қалалық сотының 2013 жылғы 19 маусымдағы шешімі, Атырау облыстық соты азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2013 жылғы 6 тамыздағы қаулысы, Атырау облыстық соты кассациялық сот алқасының 2013 жылғы 18 қыркүйектегі қаулысы	А.Ж. Бұқарбаев	7 2 2 4 6 2 3 7 2 9 7 3 0 0 0 0 0 722
4	Қарағанды облысы Жезқазған қалалық сотының 2013 жылғы 25 шілдедегі шешімі, Қарағанды облыстық соты азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 2013 жылғы 17 қыркүйектегі қаулысы	М.Ш. Жұмабеков	545989
Жиыны: 3008854			
Жалпы сомасы: 3008854			